

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

**WORKS
OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА, 2022
ASTANA, 2022



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

**"ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКАҒА" КӨШУ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ:
ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ"**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции
**«УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
В УСЛОВИЯХ ПЕРЕХОДА К «ЗЕЛЕННОЙ ЭКОНОМИКЕ»:
ПРИМЕНЕНИЕ ОПЫТА СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference
**"SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN IN THE CONDITIONS
OF TRANSITION TO A "GREEN ECONOMY": APPLICATION OF THE EXPERIENCE
OF THE COUNTRIES OF THE EUROPEAN UNION"**

АСТАНА
28.10.2022

ӘОЖ 338 (574)
КБЖ 65.9 (5Каз)
Ж 33

Рецензенты:

Мажитов Д.М. – к.э.н., профессор НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Редакционная коллегия

Макыш С.Б. – д.э.н., профессор, декан экономического факультета, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Stanislaw Luniewski – Генеральный директор ООО "ASTWA", профессор Университета финансов и менеджмента в Белостоке, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Artur Luniewski – Член правления ООО "ASTWA" доктор философии, почетный профессор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Польша

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Экономика и предпринимательство» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Насырова Г.А. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Финансы» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Сембиева Л.М. – д.э.н., профессор, заведующая кафедрой «Государственный аудит» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Бейсенова Р.Р. – д.биол.н., профессор, заведующая кафедрой " Управление и инжиниринг в области охраны окружающей среды " ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Мукашева А.А. – д.ю.н., профессор кафедры "Гражданское, трудовое и экологическое право" ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Муталиева Л.М. – к.э.н., ассоциированный профессор, заведующая кафедрой «Туризм» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

Жагыпарова А.О. – к.э.н., ассоциированный профессор, зам.декана по научной работе экономического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, г. Астана

ISBN 978-601-337-777-3

Ж 33

«Жасыл экономикаға» көшу жағдайында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуы: еуропалық одақ елдерінің тәжірибесін қолдану» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022. – 484

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Устойчивое развитие Республики Казахстан в условиях перехода к «зеленой экономике»: применение опыта стран европейского союза». – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022. – 484

Works of the International scientific and practical conference «Sustainable development of the Republic of Kazakhstan in the conditions of transition to a "green economy": application of the experience of the countries of the European Union». – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022. – 484

ISBN 978-601-337-777-3

УДК 338 (574)
ББК 65.9 (5Каз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2022 © НАО
«Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2022
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2022

7. Копылов М.Н., Копылов С.М. Забытые факты из истории международного экологического права: Конференция ООН по сохранению и утилизации ресурсов 1949 г. // Евразийский юридический журнал. – 2013. – № 10 (65). – 35 с.

8. Мохаммад С.А. Международное экологическое право в исторической ретроспективе // Евразийский юридический журнал. – 2011. – № 8 (39). – 44-45 с.

9. Копылов М.Н., Копылов С.М. Международное экологическое право: вчера, сегодня, завтра // Евразийский юридический журнал – 2013. – № 7 (62). 52-55 с.

10. Копылов М.Н., Мишланова В.А. Нужна ли историография международному экологическому праву? // Евразийский юридический журнал – 2014. – № 6 (73). – 125-126 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЕР ЗАҢНАМАСЫН ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

П.Қ. Өмірзақов

заң ғылымдарының кандидаты, профессор м.а.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: pumirzakov@mail.ru

Құқықтық реттеу пәні ретінде жер қатынастары өте серпінді дамиды. Қазақстан Республикасы құқығының дербес саласы ретінде жер құқығының дамуы барысында жер қатынастарының құрылымы мен мазмұнында, сәйкесінше, жер құқығының құрылымында және оның нормалары мен институттарының мазмұнында айтарлықтай маңызды өзгерістер болды.

Егер жер құқығы саласы пайда болғанға дейін құқықпен реттелетін жер қатынастарының негізгі түрі жерді жылжымайтын мүлік ретінде пайдалану қатынастары болса, содан кейін олар айтарлықтай өзгеріп, күрделене түсті.

Олардың құрылымында жерді ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында өндірістің негізгі құралы ретінде пайдалану, жерді еңбек нысаны ретінде пайдалану, жерді адамдарды қоныстандыру және қоғамның өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарын дамыту үшін операциялық негіз ретінде пайдалану қатынастары, сондай-ақ жерді көпфункционалды табиғи ресурс ретінде қорғауға қатысты қатынастар пайда болды.

Жер қатынастарының аталған түрлерінің пайда болуы және оларды қорғауды қамтамасыз ету және қоғам үшін қажетті бағытта дамуды ынталандыру қажеттілігі жер құқығының аталған жер қатынастарын реттейтін құқықтық нормаларының қалыптасуына себеп болды.

2019 жылғы 15 шілдеде Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде халықтың әл-ауқаты қоршаған ортаның сапасымен тығыз байланысты екендігіне назар аударды.

Ол өңірлердегі экологиялық жағдайды жақсарту міндетін қойды, табиғатты қорғау заңнамасын үздіктерге сәйкестендіру қажеттігін айтты [1].

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылдың 2 қыркүйегіндегі Қазақстан халқына жолдауында қоршаған ортаны қорғау жұмыстарын күшейту бойынша курс жалғасып, қоршаған ортаны жақсарту, жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды кеңейту, өсіру туралы Үкіметке тапсырма берілді [2].

Қазіргі заманғы отандық құқықтық доктрина құқықтық жүйені құқық салаларына бөлудің негізгі критерийі ретінде нақты әлеуметтік қатынастардың болуын қарастырады.

Бәріміз білетіндей жер қайта өндірілмейтін және шектеулі ресурс.

Жер табиғи ресурс, қоршаған табиғи ортаның құрамдас бөлігі және ерекше қорғауды қажет етеді.

Айта кету керек, жерді пайдалану процесінде әртүрлі жер қатынастары пайда болады, олардың мәні, сипаты мен мазмұны жердің атқаратын функцияларымен және оны пайдалану

ерекшеліктерімен анықталады. Жердің әртүрлі функцияларын қарастырып талдау оны пайдалану барысында қоғамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жер қатынастарының негізгі үш түрі қалыптасатынын көреміз.

Олар: азаматтық құқықтық қатынастар, нақты жер құқық қатынастары және жер-құқық қатынастары.

Біздің ойымызша, жер құқығы жүйесінде экологиялық және басқа да құқық салалары нормаларының қатысуынсыз да жер қатынастарын реттейтін біршама құқықтық нормалар бар. Жерді пайдалану процесінде таза жер қатынастарының болуы Жер құқығы Қазақстанның құқықтық жүйесінің дербес саласы болып табылатынының дәлелдемесі деуге болады.

Қазіргі құқықтық ғылыми әдебиетте экологиялық құқықтың құрылымына қатысты ғалымдардың ұстанымдарында бірізділік жоқ.

Осы мәселе бойынша ғалымдардың көпшілігі үш негізгі тұжырымдаманы қолдайды:

- тек экологиялық заңнамаға негізделген нақты экологиялық құқық тұжырымдамасы;
- экологиялық құқық табиғат ресурстары мен табиғатты қорғау заңнамасын біріктіретін сала ретінде тұжырымдамасы;
- табиғи ресурстар мен табиғатты қорғау заңнамасын, сондай-ақ экологиялық қауіпсіздік заңнамасын біріктіретін сала ретінде экологиялық құқық тұжырымдамасы.

Белгілі украин заңгер-ғалымы И.И. Каракаштың қазіргі жағдайда экологиялық заңнаманы табиғатты қорғау мазмұнымен кодификациялау ең шынайы болатыны туралы көзқарасы негізді көрінеді.

И.И. Каракаш өз пікірін Украинаның ресурстық заңнамасының негізгі актілерінің: Жер, Орман, Су кодексі, Жер қойнауы туралы Кодекс және т.б. өзара әрекеттесуімен негіздейді[3].

Қазіргі кезеңде Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды бағыты - ол қоғам өмірінің барлық салаларындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнаманы, оның ішінде жер заңнамасын экологияландыру екені нақтыланады.

Заңнаманы экологияландырудың мақсаты-қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру, қоршаған ортаны қорғауда құқықтық тәртіпті нығайту және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Конституциясының (әрі қарай - Конституция) 3-бабының 1 пунктінде көрсетілгендей Қазақстанда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық.

Конституцияның 6-бабының 3 пунктіне сәйкес Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі.

Сонымен қатар Конституцияның 31-бабының 1 пунктінде мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды деп айтылған [4].

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы қаңтардағы Экология кодексінің (әрі қарай – Экология кодексі) 4- бабында Қазақстан Республикасының орнықты дамуының экологиялық негіздерінің бірі ретінде Жер экожүйесінің саламатты жай-күйімен тұтастығын сақтау, қорғау және қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының халықаралық ынтымақтастығы бекітілген[5].

Сондай-ақ Жер кодексінің жер заңдарының принциптері қарастырылған 4-бабында Қазақстан Республикасының жер заңдары бірнеше маңызды принциптерге, соның ішінде атап айтсақ

- жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау;
- жерді қорғау және ұтымды пайдалану;
- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою принциптеріне негізделеді деген[6].

Бұл тәсілзаң шығарушы заңнамаға ерекше көзқарасты алдын-ала анықтайдыоны экологияландыру тұрғысынан қарастыратынын байқатады.

Атап айтқанда, Жерді экологияландырудегеніміз - қолданыстағы заңдар қоршаған ортанықорғауға,оның ішінде арнайы жерді қорғау мен ұтымды пайдалануға арналған нормаларды қамтамасыз етуі.

Алайда, құқық пен заңнаманың әртүрлі салаларын экологияландыру процесі тиісті салалық ерекшеліктерге ие. Сол себепті заңнаманы ғылыми тұрғыдан негізделген экологияландыруды қамтамасыз ету үшін оны ғылыми негізделген қатынасты анықтайтын құқықтың әр саласында жүзеге асырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін қалыптастыру қажет. Қазақстанның жер құқығы нысанасы экологиялық құқық нысанасымен ішінара ғана қиылысатын құқықтың дербес саласы болып табылатындығына сүйене отырып, жер құқығын экологияландыру жерді қорғау және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді жетілдірудің маңызды бағыты деп есептейміз.

Белгілі Ресей заңгер-ғалымы Боголюбов С.А. экологияландыру әдісін Конституцияның экологиялық нормаларын қоғамдық қатынастарға ықпал етудің әмбебап тәсілі ретінде қарастыруға болатынын, соның нәтижесінде конституциялық экологиялық талаптар өмірдің барлық салаларына еніп, құқық салаларындағы экологиялық құрамды күшейту, құқықтық институттардың салалық бағыныстылығынан тыс қоғам мен қоршаған орта арасындағы қатынастарды үйлестіруге ықпалын тигізетінін жазған[7].

Біздің ойымызша, жер заңнамасының нормаларын экологияландырудың бірнеше негізгі факторлары бар.

Олардың *біріншісі* жоғарыда Конституцияда көрсетілгендей Қазақстанда мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Мемлекет адамның өмір сүруімен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды. Яғни Конституцияда әрбір адамның және тұтастай халықтың мүддесінің басқа мүдделерден айқын, ерекше басымдығы көрсетілген. Сол себепті қоршаған ортаны қорғау, жер заңнамаларын экологияландыру мәселелерін қарастыратын, қажетті заңдарға конституциялық заң мәртебесі (статусы) берілуі тиіс деп ойлаймыз.

Жер заңнамасы нормаларын экологияландырудың *екінші* факторы нормативтік тұрғыдан бекітілмеген және заңдарда құқықтық талаптар ретінде көрсетілмеген Жердің ерекше объект ретіндегі заңдылықтарын заң актілерінде айқындау.

Экологиялық қауіпсіздік талаптарын қалыптастыратын және нормативтік бекітетін, оны қамтамасыз ету заңнаманы экологияландырудың маңызды мақсаты.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде жер заңнамасын экологияландырудың *үшінші* факторы Қазақстанның Жерді қорғау және пайдалану саласындағы құқықтық саясатын және жер заңнамасын жетілдіру жолдарын дамытуды айқындайтын фактор болуға тиіс.

Осылайша, тек қана табиғат қорғау заңнамасының нормаларын біріктіру негізінде кодификацияланған экологиялық құқық экологиялық қатынастарды, оның ішінде жер және табиғат ресурстары құқығының басқа да дербес салалары нысанасымен қамтылатын қатынастарды реттеу саласында өзінің басым маңызын жоғалтпайды.

Әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Үкіметтің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі. 2019 жылдың 15 шілдесі. Кіру режимі: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-rasshirennom-zasedaniipravitelstva. Қол жеткізу күні: 12.10.2022.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы., 2019 жылдың 2 қыркүйегі. Нұр-Сұлтан. Кіру режимі:https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_prezident_poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-jomarta-tokaeva-narodu-kazakhstana. Қол жеткізу күні: 12.10.2022.

3. Каракаш І.І. Прийняття Екологічного кодексу України як чинника підвищення ефективності правової охорони довкілля// Екологічне законодавство України: стан та перспективи розвитку:

матеріали міжнар. наук.-практ. конф.; м. Харків, 13–14 грудня 2007 р. / редкол. Ю.П. Битяк, М.В. Шульга, І. В. Яковюк. – Х.: Право, 2008. – 12 с.

4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған. Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_. Қол жеткізу күні: 12.10.2022.

5. Қазақстан Республикасының Экология кодексі. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Кодексі. Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400_. Қол жеткізу күні: 12.10.2022.

6. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 Кодексі. Кіру режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000442_. Қол жеткізу күні: 12.10.2022;

7. Боголюбов С.А. Потенциал экологических норм Конституции России // Журнал российского права. № 5, – 2018. – 18-19 с.

БҮЛІНГЕН НЕМЕСЕ ТОЗҒАН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Жусипова Б.А.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы
E-mail: bakyt-enu@yandex.kz

Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың нақты міндеттерін іске асырудың құралдары ретінде жердің тозуына қарсы күрес және топырақтың құнарлылығын арттыру болып табылады [1].

Қазіргі таңда экологиялық сананың өсуі, тау-кен саласының қоршаған ортаға зиянды әсерінің айқындалуы және табиғи ресурстарды ұтымсыз тұтынудың алдын алу мақсатында, саналы қоғамдық бастамалардың жүзеге асырылуы нәтижесінде, экологиялық проблемаларды шешу жолдары қарастырылып, әр түрлі шаралар тиімді қолданылуда. Соған сәйкес жаңа Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі (бұдан әрі-ҚРЭК) қабылданды.

Өйткені жер ресурстарын болашақ ұрпақ үшін, ең алдымен, жер иелері мен жер пайдаланушылар аумақтардың табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, нысаналы мақсатта жер санаттарын ұтымды және ұқыпты пайдалануды қамтамасыз етуді талап етеді.

Сондықтан жер қатынастарын мемлекеттік-құқықтық реттеу кезінде бір жағынан біздің негізгі байлығымыз-жердің болашақ ұрпағы үшін, ал екінші жағынан жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау мен сақтаудан тұратын қоғамның құқықтары мен мүдделерін ескеру қажет.

ҚРЭК-нің 229-бабы 3 тармағында «топырақ сапасының нормативтері аумақтардың табиғи ерекшеліктері және Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес белгіленген жер санаттары ескеріле отырып әзірленеді және белгіленеді» [2].

Жер заңнамасында бүлінген жерлердің құқықтық тәртібі туралы дербес, біртекті нормалар жүйесінің бар болуы бүлінген жер түсінігі мен оның негізгі сипаттарына, заңдық табиғатына, бүлінген жерлер туралы нормалардың ұлттық құқықтық жүйедегі орнына қатысты бірқатар теориялық мәселелерді айқындауға негіз болады.

Бұл проблемаларды шартты түрде екі топқа бөлуге болады: топырақтың деградациясы және ауылшаруашылық өндірісін ұтымсыз және сарқылу нәтижесінде топырақ құнарлылығының жоғалуы (топырақтың деградациясы); топыраққа физикалық және химиялық әсерлерден туындаған жер сапасының нашарлауы (жердің бұзылуы және ластануы).

Менімоымызша, экологиялық, экономикалық және басқа да шаралар жүйесін пайдалану негізінде топырақтың құнарлылығы мен жер сапасын сақтау және арттыру мәселесін дәйекті шешу қажет екені анық.

Осыған байланысты топырақ құнарлылығын қалыпқа келтірудің теориялық, әдіснамалық және практикалық мәселелерін зерттеудің, қазіргі нарықтық жағдайда